

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 25 маусымдағы № 463 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 маусымда № 36334 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экімшілік полиция комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі

E. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2025 жылғы 25 маусымдағы
№ 463 Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер енгізілетін кейір бүйректерінің тізбесі

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабы 1-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруді, өткізууді (сату), беруді, сыйфа тартуды, марапаттаң беруді, мұраға қалдыруды, сатып алуды, коллекциялауды, экспонаттауды, есепке алуды, сактауды, алып жүруді, тасымалдауды, пайдалануды, алып қоюды, жоюды, Қазақстан Республикасы аумағына әкелуді, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуді, Қазақстан Республикасы арқылы транзитін қоса алғанда айналымын реттейді.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарының, сондай-ақ сұық қарудың айналымы тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қару-жарақ пен әскери техника айналымының қағидаларында айқындалады.

Сот, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдары қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер деп таныған қару және оқ-дәрілерді

алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі "Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысында белгіленген.

Әкімшілік және азаматтық істер бойынша алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару, оның патрондарын қабылдау, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 150 бұйрығымен бекітілген Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10565 болып тіркелген) анықталады.";

11-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) үрлемелі қуаты 7,5 Джоульден (бұдан әрі – Дж) аспайтын және конструкциясы жағынан қаруға ұксас бұйымдарды қоса алғанда, 4,5 мм дейінгі калибрлі белгі беретін, қару, пневматикалық қаруды жеткізіп беруші занды тұлғалардың сатушылары " Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20674 тіркелді) 2020 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының № 64 бұйрығымен бекітілген сottылығының болуы не болмауы туралы анықтамалар, "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № КР ДСМ-49/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) (бұдан әрі – "Психиатрия" және "Наркология" психикалық денсаулық орталықтарынан алынған мәліметтер) психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды және наркологиялық науқастарды динамикалық байқау (не динамикалық байқаудың болмауы) туралы мәліметтер, "Азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы" 2019 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) (бұдан әрі – даярлау бағдарламасынан өткені туралы анықтама) азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне азаматтық және қызметтік қару иелері мен пайдаланушыларының даярлау (

қайта даярлау) бағдарламасынан өткені туралы анықтамалар ұсынылғаннан кейін оларды сатып алу рұқсатынсыз он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарына өткізеді.

Заңды тұлғаларға көрсетілген қару оны сатып алуға рұқсаттар бойынша сатылады.

Азаматтық қаруды сақтау мен алып жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызмет өткери орнынан мөрмен басылған уәкілетті адамның қол таңбасымен құжаттарды ұсынған жағдайында), көрсетілген қаруды соттылығының болуы не болмауы туралы анықтамаларды, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан және қаруды қауіпсіз ұстau қағидаларын білуі бойынша тексерістен өткені туралы туралы мәліметтерді ұсынбай сатып ала алады.

Сатып алушы ұсынған анықтамалар, мәліметтер, рұқсаттардың көшірмелері және жеке басын куәландыратын мәліметтер тігіледі және есептік құжаттамамен он жыл сақталады, оларды электрондық түрде сақтауға жол беріледі;

Механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары он сегіз жасқа толған, және қаруды қауіпсіз ұстau қағидалары бойынша нұсқамалықты жүргізгеннен кейін, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасы бойынша жұмыс істеп тұрған мамандандырылған дүкендерде қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу кітабында, "сатып алуға рұқсаттар берудің номірі мен күні" бағанасында нұсқамалық алынғаны жөнінде сатып алушының қол таңбасын ұсынумен, оларды сатып алу рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы азаматтарына сатады.

Оқсыз атылатын қаруды жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары Заңын 12-бабының 8) және 8-1) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаларға, коллекциялауға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға сатуға құқылы.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Азаматтық атыс қаруды, газды тапаншалар мен револьверлерді, электр қаруын азаматтар ішкі істер органдары беретін рұқсат бойынша сатып алады.

Аңшылық сүйк жүзді қару атыс қаруын сақтау және алып жүру рұқсаты бойынша сатып алынады және аңшылық куәлігіне жазылады.

Белгі беру қаруы, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бүйімдар Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматына соттылығы

жоқтығы туралы, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтерді және дайындық бағдарламасынан өткені туралы анықтамаларды ұсынғаннан кейін рұқсат алмай оларды жеткізіп беруші заңды тұлғалардан сатып алуға құқығы бар.

Азаматтық қаруды сақтау мен алып жүргүгінде рұқсаттары бар адамдар, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының әскери қызметшілері, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызмет өткери орнынан мөрмен басылған уәкілетті адамның қол таңбасымен құжаттарды ұсынған жағдайында), көрсетілген қаруды соттылығының болуы не болмауы туралы анықтамаларды, "Психиатрия" және "Наркология" Психикалық денсаулық орталығынан және қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуі бойынша тексерістен өткені туралы мәліметтерді ұсынбай сатып ала алады.

Механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар жеткізіп беруші заңды тұлғалардың сатушылары он сегіз жасқа толған, және қаруды қауіпсіз ұстау қағидалары бойынша нұсқамалықты жүргізгеннен кейін, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары саудасы бойынша жұмыс істеп тұрған мамандандырылған дүкендерде қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу кітабында, "сатып алуға рұқсаттар берудің нөмірі мен күні" бағанасында нұсқамалық алынғаны жөнінде сатып алушының қол таңбасын ұсынумен, оларды сатып алу рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы азаматтарына сатады.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ақ арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткеріп жатқан жері бойынша уәкілетті адамның мөрімен және қолтаңбамен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсы көрсетілімдерінің жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.";

2. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20184 болып тіркелген) бүйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымшада:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабы 1-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:".

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бүйімдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлер үшін: Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы арқылы транзит жасауға қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

".

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

		жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру үшін: жеке тұлғаның мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі етініші; ӘҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын күжаттың мәліметтері;
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндеттін атқарушының 2020 жылғы
30 қазандығы №КР ДСМ-175/
2020 бұйрығымен "Денсаулық
сақтау саласындағы есепке алу
кужаттамасының нысандарын,
сондай-ақ оларды толтыру
жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту
туралы" (Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 21579 болыш тіркелг
ен) бекітілген 3-қосымшасына
сәйкес № 076/е нысаны бойынша
қаруды иеленуге қарсы
көрсетпелердің жоқ екені туралы
медициналық қорытындының
электрондық көшірмесін.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп
жүрген әскери қызметшілерді
қоспағанда, Карулы Күштердің,
басқа да әскерлер мен әскери
құралымдардың әскери
қызметшілері, сондай-ақ арнаулы
атақтары мен сыныптық шендері
бар мемлекеттік өртке қарсы
қызмет органдарын қоспағанда,
арнайы мемлекеттік және құқық
қорғау органдарының
қызметкерлері (қызмет өткериу орн
ының уәкілетті адамының мерімен
және қолтаңбасымен расталған
кужатты ұсынған жағдайда)
азаматтық қаруды сатып алуға
руқсатты қару ұстауға қарсылық
жоқ екені туралы медициналық
қорытындыны ұсынусыз алады;

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасар
ы - Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің 2018
жылғы 2 ақпандығы № 60 бұйрығы
мен "Аңшы, балықшы және
қорықшы куәліктерінің нысанын
және оларды беру қағидаларын
бекіту туралы" (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізілімінде № 16463 болыш
тіркелген) (бұдан әрі - № 60
бұйрық) бекітілген 1-қосымшага
сәйкес нысан бойынша аңшы
куәлігінің электрондық көшірмесі,
аңшы куәлігін электрондық түрде
берген жағдайда мәліметтер

Мемлекеттік қызметті көрсету ушін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін күжаттар мен мәліметтер тізбесі

нысандыңда көрсетіледі (азаматтар азаматтық қаруды алғып жүру құқығының өзін-өзі қорғау мақсатында сатып ала алмайды); Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызмет тік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұстаса қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (спорт шеберінің кандидатынан төмен емес разряды бар спортшылар - Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының мүшелері ретінде ұсынылмайды);

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі тәрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 болып тіркелген) Спортшыны тіркеу туралы күәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну туралы қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атыспен байланысты спорт шеберіне кандидаттан төмен емес разрядты көрсете отырып, спортшыны тіркеу туралы күәліктің электрондық көшірмесі, спорт түрлері бойынша аккредиттелген республикалық, өнірлік спорт федерациясында тіркеуден өткенін растайтын және спорттық атыспен тұрақты турде айналысадын азамат мәртебесін растайтын (Атыс спорты түрлері бойынша сабактар үшін қару сатып алған кезде); спорт түрлері бойынша республикалық және өнірлік

аккредиттелген спорт федерацияларының колдаухватының электрондық көшірмесі (спорттың атыс түрлері бойынша сабактарға арналған қаруды сатып алу кезінде); Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 602 бұйрық), азаматтық және қызыметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларының 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша спорттық қаруды сатып алған спортшы тұратын спорт федерацияларында немесе ұйымдарда спорттық қаруды ұстау нормаларын ескере отырып, қолда бар және қажетті қару мен оның патрондарының саны туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі (атыс спорт түрлері бойынша сабактар үшін қаруды сатып алу кезінде); туристік мақсатымен, жеке және қызыметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштері, сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тыскары жерлерге әкететін жағдайда электрондық көшірмесін; кемінде бір жыл мерзімге Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштерінің электрондық көшірмесі (тегіс ұзын ұнғылыны қоспағанда, езін-еzi қорғау азаматтық қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін);

нақты тұрғылықты жері бойынша қаруды сақтау шарттары болмаған жағдайда, орталықтандырылған сақтау пункттерінде қаруды сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, осы адамның заңды пайдалануында кемінде үш жыл аңышылық тегіс ұнғылы қаруы болғанын растайтын ішкі істер органы берген қаруды сақтауға және алыш жүргүре рұқсаттар туралы (оыйқ ұнғылы аңышылық атыс қаруын сатып алған кезде), қаруды иелену құқығы туралы, қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтер, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпарат (ЭҮТ Ш арқылы төленген жағдайда), көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттың жүйелерден электрондық үкіметтің шлюзі арқылы алады.

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алыш жүргүре рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1) жеке тұлғаларға азаматтық қарумен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алыш жүргүте рұқсат беру үшін:

жеке тұлғаның мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі етініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын күжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы №ҚРДСМ-175/2020 бүйрыймен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу күжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық кешірмесін.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ақ арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының

Мемлекеттік қызметті көрсету
үшін көрсетілетін қызметті
алушыдан талап етілетін құжаттар
мен мәліметтер тізбесі

мөрімен және қолтаңбасымен
расталған құжатты ұсынған
жағдайда) азаматтық қаруды
сатып алуға рұқсатты қару ұстауға
қарсылық жоқ екені туралы
медициналық қорытындыны
ұсынбай алады;

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қазақстан
Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің 2018
жылғы 2 ақпандагы № 60 бүйрығы
мен "Аңшы, балықшы және
қорықшы куәліктерінің нысанын
және оларды беру қағидаларын
бекіту туралы" (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізілімінде № 16463 болып
тіркелген) (бұдан әрі - № 60
бүйрық) бекітілген 1-қосымшага
сәйкес нысан бойынша жануарлар
дүниесін қорғау, өсімін молайту
және пайдалану саласындағы
үәкілетті орган белгілеген аңшы
куәлігін көшірмесі, аңшы куәлігін
электрондық түрде берген
жағдайда мәліметтер нысанында
көрсетіледі (азаматтар азаматтық
қаруды алыш жүргү құқығының
еziн-ezi қорғау мақсатында сатып
ала алмайды);

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің 2019 жылғы 13
маусымдағы № 536 бүйрығымен
бекітілген (Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 18849 болып
тіркелген) азаматтық және
қызметтік қарудың иелері мен
пайдаланушыларын даярлау және
қайта даярлау бағдарламалары
нысан бойынша қаруды қауіпсіз
ұстau қағидаларын білуін
тексеруден еткені туралы
анықтаманың электрондық
көшірмесі (спорт шеберінің
кандидатынан төмен емес разряды
бар спортшылар - Қазақстан
Республикасы Ұлттық
құрамасының мүшелері ретінде
ұсынылмайды);

Қазақстан Республикасы Спорт
және дене шынықтыру істері

агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 болыш тіркелген) Спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну туралы қағидаларының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атыспен байланысты спорт шеберіне кандидаттан тәмсін емес разрядты көрсете отырып, спортшыны тіркеу туралы куәліктің электрондық көшірмесі, спорт түрлері бойынша аккредитт елген республикалық, өңірлік спорт федерациясында тіркеуден өткенін растанайтын және спорттық атыспен тұрақты түрде айналысатын азамат мәртебесін растанайтын (атыс спорт түрлерімен айналысатын қару иелерімен ұсынылады);

нақты тұрғылықты жері бойынша қаруды сақтау шарттары болмаған жағдайда, қаруды орталықтандырылған сақтау пунктерінде сақтауға арналған шарттың электрондық көшірмесін қоса беріледі;

ойық ұнғылы аңшылық атыс қаруының оқтары мен гильзаларының бақылау атылуы туралы мәліметтері нысанында көрсетіледі (ойық қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүргүре рүқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қару иелері міндетті түрде ішкі істер органдарында әрбір 5 жыл сайын оқтар мен гильзаларды атуды жүргізеді);

2) жеке тұлғаларға қаруды сатып алғаннан кейін азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүргүре рүқсат алу үшін (ішкі істер органдары берген азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға арналған рүқсаттар бойынша):

жеке тұлғаның негізгі талаптар
Тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес
нысан бойынша негізгі талаптар
Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес
толтырылған мәліметтер
нысанымен электрондық түрдегі
етініші;

ЭҮТШ арқылы төленген
жағдайларды қоспағанда,
азаматтық қаруды сактауға,
сактауға және алыш жүргүре рұқсат
беру құжатын бергені үшін, азама
ттық қарудың әрбір бірлігін сатып
алғаннан кейін тіркегені және
қайта тіркегені үшін мемлекеттік
баждың төленгенін растайтын
құжаттар туралы мәліметтер.

Жеке басты куәландыратын
құжаттар туралы, қызметті жүзеге
асыруға лицензиялар туралы, осы
адамның заңды пайдалануында
кемінде үш жыл аңшылық тегіс
ұнғылы қаруы болғанын
растайтын ішкі істер органы
берген қаруды сактауға және алыш
жүргүре рұқсаттар туралы (оның
ұнғылы аңшылық атыс қаруын
сатып алған кезде), қаруды иелену
құқығы туралы, қару саудасы
жөніндегі мамандандырылған
дүкендерде сатып алған қару
туралы мәліметтер, мемлекеттік
бажды төлеу туралы ақпарат (

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда
(, көрсетілетін қызметті беруші
тиісті мемлекеттік ақпараттық
жүйелерден электрондық
жумысшылдық "шлозі" арқылы алды.

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Занды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару
және оған патрондарды сактауға және алыш жүргүре рұқсат беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	--	---

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Занды тұлғаларға қызметтік қару мен оның
патрондарын сактауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

	жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру үшін : жеке тұлғаның мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің (бұдан әрі – негізгі талаптар Тізбесі) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша негізгі талаптар Тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес толтырылған мәліметтер нысанымен электрондық түрдегі етініші; ӘҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын күжаттың мәліметтері; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы №КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу күжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
--	---

Мемлекеттік қызметті көрсету ушін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымшасына сәйкес № 076/е нысаны бойынша қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесін.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ақ арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткериу орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару тасымалдауға қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 536 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18849 болып тіркелген) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламалары нысан бойынша қаруды қауіпсіз ұсташа қағидаларын білуін тексеруден өткені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

азаматтық қару иесінің үшінші адамға қаруды тасымалдау құқығына берген еркін нысанында куәландырылған сенімхатының электрондық көшірмесі (қызмет алушымен) қоса беріледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, қызметті жүзеге асыруға лицензиялар туралы, азаматтық қаруды сактауға, сактауға және алыш жүргүре

рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, Қару саудасы жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы мәліметтерді, мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпаратты (ЭҮТШ арқылы төленгенді жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкіметтің "шлозі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттың жүйелерден алады.

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Занды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Занды тұлғаларға азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған)
---	-------------------------------------	--

";

3. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласында екінші санаттағы рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті раставайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 22

қыркүйектегі № 637 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21281 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және занды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Азаматтық және қызметтік қаруға және оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № КР ДСМ-175/2020 бұйры ғымен (Нормативтік құқы қтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 076/е нысаны бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытынды. Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ак арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемл екеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткеру орнының уәкілетті адамының мерімен және қолтақбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға руқсатты қару ұстауға қарсылық жоқ екені
---	---	--

	<p>туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.</p> <p>Азаматтық және қызметтік қаруды, оның патрондарын сатуды жүзеге асыратын занды тұлғалар басшының мөрімен (оның кезінде) және қолымен расталған, қаруды қолдануға рұқсат туралы құжат ұсынады (құжаттар еркін нысанда толтырылады).</p>
--	--

" ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және занды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүргүре рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	<p>Азаматтық және қызметтік қаруға және оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 076/е нысаны бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытынды.</p> <p>Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ак арнаулы атақтары мен сыныптық шендері бар мемлекеттік өртке қарсы</p>
---	---

	<p>қызмет органдарын қоспағанда, арнағы мемлекеттік және күкік қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткери орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұстауға қарсы көрсетілімдерінің жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады</p>
--	---

"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру кезіндегі рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

<p>Азаматтық және қызметтік қаруға және оның патрондарына рұқсаты бар адамдарда қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 076/e нысаны бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі. Резервтегі әскери қызметті өткериш жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ак</p>
--	--

	<p>арнаулы атақтары мен сыйныштық шендері бар мемлекеттік ертке қарсы қызмет органдарын қоспағанда, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері (қызмет өткери орнының уәкілетті адамының мөрімен және қолтаңбасымен расталған құжатты ұсынған жағдайда) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсатты қару ұсташа қарсылық жоқ екені туралы медициналық қорытындыны ұсынбай алады.</p>
--	---

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК